



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

20\_\_жылғы \_\_\_\_\_№ \_\_\_\_\_

04.05.2020-ғы № 179 шығыс хаты  
Нұр-Сұлтан қаласы

город Нур-Султан

**COVID-19 короновирустық инфекция кезеңінде қашықтықтан білім беру технологияларына көшіру кезінде білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі қосымша шаралар туралы**

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы жариялаған COVID-19 короновирустық инфекция пандемиясы(бұдан әрі – пандемия) кезеңінде оқу процесін қашықтықтан білім технологияларына көшіру кезінде білім берусапасын қамтамасыз ету мақсатында,Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2020 жылғы 12 наурыздағы №20 қаулысының негізінде, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссияның 2020 жылғы 16 наурыздағы №1және 2020 жылғы 17 наурыздағы №2 хаттамаларын орындау үшін **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру мәселелері бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді ұйымдастырудықамтамасыз етсін.

2.Пандемия кезеңіндежоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының басшылары(келісім бойынша):

1)профессорлық-оқытушылар құрамынан қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру мәселелері бойынша есеп пен ақпаратты талап етуге жол бермеуге;

2) қашықтықтан оқыту процесін бақылау процесінің мониторингі бойынша автоматтандырылған іс-шараларды ұйымдастырсын;

3) университеттің ресми сайтының басты парақшасында университеттің академиялық саясатын, ағымдық сабақтарды өткізу тәртібін, кәсіптік практиканы, ағымдық бақылауды, студенттерді аралық және қорытынды аттестаттауды және оқу процестерін техникалық қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықтарды әзірлесін және орналастырсын;

4) қашықтықтан оқыту технологияларын көшу кезінде педагогтер мен студенттердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға барынша жәрдем көрсетсін және қамтамасыз етсін;

5) жоғары оқу орындарының қашықтықтан оқыту платформаларына қол жетімділігі жоқ студенттер үшін оқу процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етсін;

6) корпустар мен жатақханалардағы санитарлық-эпидемиологиялық бақылау шараларын күшейтсін;

7) қашықтықтан білім беру технологияларын пайдалана отырып, білім алушылардың білім беру бағдарламалары бойынша оқыту нәтижелерінің жетістіктеріне тұрақты негізде мониторинг жүргізсін;

8) қашықтықтан оқыту кезінде білім алушылар мен профессорлық-оқытушылар құрамына психологиялық және әдістемелік қолдау көрсетсін;

9) кейінге қалдыруды талап етпейтін мәселелер бойынша отырыстарды қоспағанда, ЖОО-ның алқалы басқару органдарының отырыстарын кешірек мерзімге өткізуді ауыстырсын;

10) қашықтықтан білім беру технологияларына ауысу кезінде пайда болған проблемаларына дереу ден қою, қажеттілігіне қарай шұғыл шешуді талап ететін мәселелерді тиісінше Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, жергілікті атқарушы органдардың қарауына бастамашылық жасау.

3. Қоса беріліп отырған COVID-19 коронавирустық инфекция пандемиясы кезеңінде жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында аралық және қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар бекітілсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі М.М. Дәуленовке жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Министр**

**А. Аймағамбетов**

**Результаты согласования**

04.05.2020 17:57:11: Тойбаев А. Ж. (Департамент высшего и послевузовского образования) - - согласовано без замечаний

04.05.2020 17:58:34: Сулейменова Ш. К. (Управление методологии и содержания высшего и послевузовского образования) - - согласовано без замечаний

04.05.2020 18:26:13: Дауленов М. М. (Руководство) - - согласовано без замечаний

04.05.2020 18:37:10: Байжанов Н. А. (Юридический Департамент) - - согласовано без замечаний